

**Виртуалды
бейнелі –
кітап көрмесі**

**«Мәңгіліктегі
із»**

**Виртуальная
книжная
выставка -
портрет**

**«След в
вечности»**

*К 175-летию со дня рождения
Ибрая Алтынсарина*



1841- 1889

Учение даст вам счастье,
Оно озарит, как свет,
Каждое ваше желание,
Яркий оставит след.

И. Алтынсарин



Құрметті оқырман!

2016 жылы ұлы ағартушы-педагог, этнограф Ыбрай Алтынсаринның туғанына 175- жыл толады.

Қазақ әдебиетінің тарихында Ыбырай Алтынсарин шығармаларының алатын орыны ерекше, ол алғашқы қазақ реалистік прозасының үлгісін жасады. Біз қазақ даласын өзге мәдениетті елдердің қатарына қосуға бар күш-қуатын, білімін сарқа жұмсаған атақты жерлесімізді мақтан тұтамыз.

Аудандық кітапхана оқырман назарына айтулы датаға арналған «Мәңгіліктегі із» атты виртуалды бейнелі – кітап көрмесін ұсынады.

Уважаемый читатель!

В 2016 году исполняется 175 лет со дня рождения известного педагога - просветителя, этнографа Ибрая Алтынсарина.

Значение творчества Ибрая Алтынсарина в истории казахской литературы огромно, создатель первых образцов казахской реалистической прозы, был одним из тех, кто приобщил казахскую степь к миру высоких культурных ценностей, чье имя, составляет гордость и славу нашего района.

Районная библиотека предлагает вниманию читателей виртуальную книжную выставку - портрет «След в вечности» посвященную этой дате.

Халқымыздың аса көрнекті қоғам қайраткері, ғұлама ағартушысы Арақарағай болысы Жаңбыршы а. (қазіргі Қостанай обл. Алтынсарин ауд.) дүниеге келген. Жас Ыбырайды атасы Балқожа тәрбиелейді. 1850 ж. Орынбор қаласындағы қазақ мектебіне оқуға түсіп, оны 1857 ж. үздік бағамен бітіріп шығады.

Мектепті бітірген соң, өзінің атасы Балқожа бидің хатшысы болып қызмет етеді. 1860 ж. Орынбор облыстық басқару мекемесі Ы. Алтынсаринге Торғайда қазақ балалары үшін бастауыш мектеп ашуға рұқсат береді. Осы ашылған мектепке орыс тілі пәнінің оқытушысы болып тағайындалады.

Алтынсарин жаңа дәуірдегі қазақ әдебиетінің қалыптасуына қомақты үлес қосты. Оның алғашқы еңбегі «Орынбор ведомствосы қазақтарының құда түсу, қыз ұзату және той жасау дәстүрлері және өлген адамдарды жерлеу және оған ас беру дәстүрінің очеркі» болды. 1879 ж. Орынбор қаласынан «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» және «Орыстарға қазақ тілін үйрету ережесі» жарық көрді.

1879 ж. Қазан қалаласында Ы. Алтынсаринның «Қазақ хрестоматиясы» басылып шықты. Хрестоматияға 40 жуық өлеңдері, әңгімелері:

«Таза бұлақ», «Надандық», «Бакша ағаштары» және т.б. енді, кейін Троицкіде хрестоматияның екінші бөлімі шықты.

1879 ж. Ыбырай Алтынсарин Торғай облысының мектеп инспекторы болып тағайындалды. Тағайындалғаннан кейін жаңа мектептер ашуға кіріседі. Ең алдымен, ол облыс, уезд орталықтарында училищелер ашуға шешім қабылдады. 1887 жылы Ыбырай Ырғыз қаласында 20 орындық интернат пен тұңғыш рет қыздар үшін мектеп ашты. Бастауыш мектептерге мұғалімдер, әсіресе қазақ мұғалімдерін даярлауға Ы. Алтынсарин көп еңбек сіңірді.

Өзінің туған жері Арақарағай болысында, Тобыл өзенінің бұрылысындағы аралшықта кішкентай көлі бар, кейін “инспекторлық” аталған темір түнікелі ағаш үй салдырған, мұнда ол қызмет істеп, қайтыс болғанға дейін тұрған. Қазір бұл жерде Алтынсарин мавзолейі орналасқан.

Дүние салар алдында Алтынсаринге стат кеңесшісі атағы берілді, яғни ол сол кездегі генерал-майор шеніне сәйкес келеді.

Қостанай қаласында Ыбырай Алтынсаринге мемориалды мұражай ашылды, дарынды балаларға арналған мектеп-интернат, Қостанай облысының ауданы, Қостанай қ. көше, Арқалық қ. пединститут Ы. Алтынсаринның атымен аталады.

Родился в Аракарагайской волости в ауле Жанбурши (ныне Алтынсаринский район). С детства находился на воспитании у своего деда – бия Балгожи Джанбурчина. В 1850 г. Алтынсарин поступил в Оренбургскую казахскую школу, которую успешно закончил с золотой медалью в 1857 г.

После окончания школы работал писарем у своего деда. В 1860 г. областное правление поручило Алтынсарину открыть начальную школу для казахских детей в г. Тургай, в которой он назначался учителем русского языка.

В литературу Алтынсарин пришел в 70-х годах XIX века. Один из его первых трудов – «Очерки об обычаях при сватовстве и при похоронах и поминках у киргизов Оренбургского ведомства». В 1879 г. в Оренбурге вышли в свет два произведения: «Первоначальный порядок обучения казахов русскому языку» и «Правила обучения русских казахскому языку».

В 1879 в Казани издан капитальный труд И. Алтынсарина «Киргизская хрестоматия». В хрестоматию вошло около 40 стихотворений, рассказов, поучений: «Чистый родник», «Невежество», «Плодовые деревья» и др., затем в Троицке вышла вторая часть хрестоматии.


В 1879 г. И. Алтынсарин получил назначение на должность инспектора школ Тургайской области. После назначения он делает все возможное для открытия новых школ, видя в них важнейший фактор развития для казахского народа. В 1887 г. И. Алтынсарин организует в Иргизе 20-местный интернат и женскую школу. Особое внимание И. Алтынсарин уделял организации учительских школ, подготовке учительских кадров.

В родном местечке в Аракарагайской волости, он построил деревянный дом с железной крышей, где жил и работал до самой смерти. В настоящее время на этом месте находится мавзолей Алтынсарина.


Перед смертью И. Алтынсарину было присвоено звание статского советника, что по тем временам соответствовало генерал-майору от инфантерии.

В г. Костанае открыт мемориальный музей Ибрая Алтынсарина, его именем названы: школа-интернат для одаренных детей, район Костанайской области, улица в г. Костанае, пединститут в г. Аркалыке, ледник и пик на северном склоне Жетысу Алатау.


ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫ



«Начальное пособие для обучения казахов русскому языку», (1871).



Его перу принадлежат первый учебник «Киргизская хрестоматия», (1879).




Алтынсарин, Ы. Екі томдық шығармалар жинағы [Мәтін]: өлендер. Этнографиялық еңбектер / Ы. Алтынсарин. - Алматы: Қазығұрт, 2003. – Т. 1. – 240 б.
Қазақ мәдениетінің көрнекті қайраткері, ғалым – ұстаз, акын, әрі аудармашы Ыбырай Алтынсариннің екі томдық шығармалар жинағының бірінші томына оның өлендері, әңгімелері, этнографиялық еңбектері мен ғылыми-әдістемелік мұралары енген.




Алтынсарин, Ы. Бір уыс мақта
[Мәтін] : әңгімелер / Ы.
Алтынсарин; құраст. Д.
Әшімханұлы. – Астана: Таным,
2003. – 80 б.

Бұл шағын жинаққа, негізінен, ұлы
ағартушының балаларға арнап
жазылған прозалық шығармалары
еніп отыр.



Өнер-білім бар жұрттар [Мәтін] : өлеңдер, әңгімелер, очерктер, хаттар және естеліктер / Ы. Алтынсарин. – Алматы : Жалын, 1991. – 238 б.


Кітапта ХІХ ғасырдың жартысында өмір сүрген қазақ халқының ұлы ағартушы – демократы, педагог – жазушысы Ыбырай Алтынсариннің өлеңдері мен әңгімелері, оқу ағарту мәселелеріне арналған жазбалары және хаттары берілген.



*Алтынсариннің
таңдамалы
педагогикалық
мұралары*

Алтынсариннің таңдамалы педагогикалық мұралары [Мәтін] / құраст. С. Қалиев.- Алматы: Рауан, 1991. – 200 б.


Ыбырай Алтынсариннің туғанына 150 жыл толуына орай жарық көріп отырған бұл еңбекке ғалым – педагогтің ағартушылық бағытта жүргізген қыруар қызметінен хабардар етерлік деректі материалдар, хаттар, іс қағаздары, тәлім – тәрбиелік мұралары топтастырылды.



Әңгімелер [Мәтін] / Ы.
Алтынсарин. - Алматы : Мектеп,
1980. – 104 б.

Қазақтың аса көрнекті ағартушы –
педагогы Ы. Алтынсариннің бұл
жинағы оның мектеп
программасына енген
әңгімелерінен құрастырылды.
Сонымен қатар жинақта ұлы
ағартушының педагогикалық ой-
пікірлерін баяндайтын кейбір
хаттары да берілді.

Ыбырай Алтынсарин өмір жолы мен қызметті туралы



Литература о нём

Казахстан: национальная энциклопедия [Текст] : в 5 т. / гл. ред. Буркитбай Аяган. – Алматы : Главная редакция «Қазақ энциклопедиясы», 2006. - Т. 5. - С. 199.

Первопроходцами на пути создания новой национальной Энциклопедии стали видные ученые, писатели, работники культуры, государственные и общественные деятели страны.



Қалдырған ізі мәңгілік [Мәтін] : ұлы педагог-ағартушы Ыбырай Алтынсариннің өнегелі өмірі жайлы толғаныс // Жақсанов, О.

Қайталанбас тұлғалар : эсселер, порт. / О. Жақсанов. - Қостанай : Шапақ, 2009. - Б. 11-18.

Елімізге танымал қаламгердің бұл жаңа жинағына негізінен ұлтымыздың мақтанышына айналған біртуар тұлғалар, көрнекті қайраткерлер, аса дарынды ақын – жазушылар, атақты ғалымдар, талантты актерлердің ғибратты ғұмырлары, қазақ халқына сіңірген еңбектері арқау болған.

мүсіншісі Хәкімжан Наурызбаев жасаған Шоқанның ескерткіші Алматыда сонадайдан көзге көрінеді. Онда оқып жатқан жастар оның алып тұлғасын көріп, оны бір сәт еске алады. Ол туралы жазылған шығармаларды оқуға ден қояды.

Жалпы, елімізде оның есімі көптеген мектептерге, көшелерге берілді. Тіпті, Ұлттық ғылым академиямызда оның атындағы сыйлық та бар. Қостанай өңірінде де оның атын ұлықтап, шәкірттерді білім нәрімен сусындатып жатқан білім ордалары жеткілікті. Алайда, оған облыс орталығынан бір ескерткіш тұрғызса артық болмас еді. Оның әсіресе, кейінгі өскелең ұрпаққа берер тәлімдік-тәрбиелік мәні ерекше екендігін айтқанымыз лазым.

Шоқан жайлы қазақтың белгілі жазушысы Жарылқап Бейсенбаев кезінде кітап та жазды. Ол жайлы қазақтың ұлы актері, режиссер, КСРО халық әртісі Асанәлі Әшімов төрт сериялы көркем фильм де түсірді. Онда басты рөл, яғни Шоқанның асыл бейнесін Асанәлі ағамыздың ерекше сүйген ұлы, марқұм Сағи Әшімов сомдады. Осы фильм мемлекеттік сыйлыққа ие болды. Аталмыш кино арқылы көптеген адамдар Шоқан Уалихановтың қазақ халқының өмірінде алар орнын айқын сезінді. Оның жастық шағынан бастап, өмірінің соңына дейінгі кезеңдерін өз көздерімен көрді. Киноның құдіреті деген осы.

Қостанайлықтар оны біздің даңқты жерлесіміз деп босқа айтпайды. Өйткені, оның мақаламыздың басында айтылғандай, осы өңірдің Құсмұрын бекінісінде дүниеге келгені рас. Сондықтан, оның артына қалдырған бай мұрасын қадірлеп, қастерлеп, Шоқандай ардақты перзентін ұлықтап, аялап өтуге олар қашан да дайын.

Шоқан аз ғұмыр кешсе де ұлтымыз үшін ұланғайыр жұмыстар тындырды. Өзінің жан-жақты қабілеті, шексіз еңбекқорлығы, ғылыми ізденістері, терең білімі арқасында халқымыздың тарихында мәңгілік қалды. Енді осы барымызды бағалап, оны кейінгі жас өскін ұрпаққа үлгі-өнеге ету бүгінгі көзі ашық, көкірегі ояу зиялы қауымның міндеті.

ҚАЛДЫРҒАН ІЗІ МӘНГІЛІК

Ұлы педагог-ағартушы
Ыбырай Алтынсариннің
өнегелі өмірі жайлы толғансы

Ыбырай бар қазаққа ортақ


Мен осы жолмен күнде өтемін. Сонда менің көзіме Ыбырай Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттың ғимараты еріксіз түседі. Биыл бұл білім ордасына 125 жыл толады. Соның қарсаңында бұрын-соңды болмаған күрделі жұмыстар жүргізілді. Ол үшін әрине, соның басы-қасында жүрген азаматтарға алғыстан басқа айтарымыз жоқ.

Өзім осы көрнекті тұлға туралы мақаланың тақырыпшасын Ыбырай ағамыз бүкіл ұлтымызға ортақ деп босқа қойған жоқпын. Ол өйткені, қазақтың көрнекті ағартушысы, қоғам қайраткері, жаңашыл ұстаз, орыс графикасының негізінде қазақ алфавитін құрастырушы, қазақ жазба әдебиетінің негізін салушылардың бірі. Сонымен қатар, ақын, прозаик, ғалым-этнограф.

Бұл даңқты жерлесіміз жайлы сөз болғанда оның өткен өмір жолына тоқталмай кете алмаймыз. Бұл бәріміз үшін де аса маңызды. Кейінгі ұрпақ оны білуге міндетті деп ойлаймыз.

Ұлтымыздың мақтанышы Ыбырай ағамыз 1841 жылы 20 қазанда Арақарағай болысының Жаңбыршы ауылында (Қазіргі Алтынсарин ауданында) дүниеге келген. Оның тегіне тоқталатын болсақ, Орта жүздің Қыпшақ руынан. Ыбырайдың әкесі Алтынсары ауыл молдасынан дәріс алған. Жұрт қатарлы қарапайым ғана ғұмыр кешкен. Көбіне бала-шағасының қамын ойлап, үй шаруасымен ғана айналысқан.






Ыбырай Алтынсарин тағлымы
[Мәтін] : әдеби - сын мақалалар пен
зерттеулер / құраст. М.

Жармұхамедов.- Алматы: Жазушы,
1991. – 384 б.

«Ыбырай тағлымы» атты бұл жинаққа қазақтың ұлы ағартушысы Ыбырай Алтынсариннің өз ұлтының болашағын ойлаудан жарғақ құлағы жастыққа тимей, көп қиындықпен жүріп мектеп ашуы, барша қазақ балаларын білімге шақыруы, оларды оқытуы, инспекторлық қызметте болуы, сондай-ақ тұстастары мен замандастарының Ыбырай жайында жазып қалдырған естеліктері мен әдеби – сын мақалалары топтастырылды.

61 15




Ыбырай Алтынсарин. Шәкәрім Құдайбердіұлы [Мәтін] / бас ред. Б. Аяған. – Алматы; Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы, 2007. - 632 б.

Тұлғалар топтамасы бойынша баспадан шығарылып отырған «Ыбырай Алтынсарин. Шәкарим Құдайбердіұлы» кітабы қазақтың ұлы ұстазы мен ойшыл ақынының өмірі мен шығармашылық жолдарына жаңаша көзқараспен талдау жасайтын зерттеу мақалалардан құрастырылған.




Терновой, И. К., Медведев, С.А., Ибраев. Е. Е.
Ибрай Алтынсарин [Текст] Земля Убаганская
[Текст] / И. К. Терновой. - Костанай:
Костанайполиграфиздат. - 2010 – С. 217.





Алтынсарин, Ибрай (Ибрагим)
[Текст]// Костанайская область
[Текст]: энциклопедия /
Костанайский социально-
технический ун-т. - Алматы, 2006. -
С. 202.


Энциклопедия «Костанайская область» является научно-популярным изданием, в котором уделено особое внимание важным историческим событиям, проходившим на этой территории и главному достоянию края – это людям: героям войны и труда, хлебопашцам, рабочим, учителям и медикам, учёным и работникам культуры.



Көркемсуретті Қазақстан тарихы. Ежелгі дәуірден біздің уақытымызға дейін [Мәтін]: 4 томдық / Құраст.-автор О. К. Жанайдаров. - Алматы, 2007. – Т. 3. – 320 б.

Төрт томдық Көркемсуретті Қазақстан тарихының үшінші томында «Кемеңгер ұстаз Ыбырай Алтынсарин» атты мақалада ұлы ағартушының өмірі мен қызметі туралы сөз


Алтынсарин бейнесі көркем әдебиетте



Образ Ибрая Алтынсарина в художественной литературе

Молдағалиев, Жайсаңбек
Алғашқы қоңырау [Мәтін]: Роман/
Ж. Молдағалиев.- Алматы,
Жалын, 1978. – 176 б.

Алғашқы қоңырау – ұлы
ағартушы – демократ Ы.
Алтынсарин жайлы қазақ
прозасындағы тұңғыш роман.
Ыбырайдың қазақ даласында
өткен ғасырдың алпысыншы
жылдары тұңғыш мектеп ашуы
және сол заманның тыныс – тірлігі
мен ағартушының қоғамдық
қызметі бұл шығармаға негізгі
арқау болған.



Молдағалиев, Жайсаңбек. Құс жолы [Мәтін]: Повесть. Әңгімелер / Ж. Молдағалиев. – Алматы: Жазушы, 1976. - 160 б.

Жайсаңбек Молдағалиевтің Құс жолы атта жинағына қазақтың тұңғыш педагогы Ыбырай Алтынсарин туралы повесі мен Ел суреттері деген аптен бір топ әңгімелер еніп отыр.



Симашко, М. Д. Колокол [Текст] :
ист. роман / М. Д. Симашко. - Алма-
Ата: Жазушы, 1982. – 336 с.

Перу Симашко принадлежит роман
о первом казахском просветителе
Ибрае Алтынсарине, который
показан сторонником европейской
формы образования для казахских
детей, никогда не забывающего о
своем национальном достоинстве.

Составители:

Павлова И. А., библиограф—библиотекарь
читального зала районной библиотеки.

Топаева Т. Ж., библиотекарь по работе с
фондом на государственном языке.

Редактор: Павлова И. А.

Ответственная за выпуск:

Директор Алтынсаринской ЦБС Пшиченко Е. В.

Наш адрес:

С. Убаганское

Ул. Школьная, 1

Часы работы:

9. 00 – 18. 00

Телефон 8 (714- 45) 34 -1-97

Факс: 8 (714 - 45) 34 - 1 - 97

Эл. почта: bibliotekaalt@mail.ru